



**Мақсаты:** балалардың өз балабақшасы туралы туралы түсініктерін қалыптастыра отырып

тілін дамыту, әңгімелесу, тақпақтар айту арқылы ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** суреттер, слайд, музыка

**Әдістемелік әдістер:** түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап

**Тәрбиеші сөзі:** Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар және балалар! Біздің тобымыздың «Ана тілім-ардақтым!» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер! Бүгін біз Қазақстанымыздың тіл мерекесін тойлағалы отырмыз. Бәрімізге мейрам құтты болсын!

Балалар, бүгін бізге көптеген қонақтар келіп отыр, олармен сәлемдесіп алайықшы.

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты.

Жарқырайды күніміз,

Жарқырайды бақшамыз.

Қайырлы таң, қонақтар,

Қайырлы таң, достарым!

Балалар, сендер білесіңдер ме біз қандай мемлекетте тұрамыз?

Біз қандай ұлтқа жатамыз?

Біздің елбасымыз кім екен кім айтат білесіңдер ме?

Біз қай тілде сөйлейміз?

Біздің Қазақстанда тұратын қандай ұлттарды білеміз?

Балалар, бүгін біз тіл мерекесін тойлағалы жатырмыз солай ма, ендеше тіл бізге не үшін керек?

Сөйлеу үшін, қарым-қатынас жасау үшін, бір-бірімізбен сөйлесу үшін керек екен.

Бүгінгі мерекеге басқада ұлт өкілдері келу керек еді олар неге кешігіп жатыр екен?

**Көнет ұшақтың дыбысы естіледі.**

**Музыка әуенімен өзге ұлт өкілдері кіреді.**

**Тәрбиеші:** Сәлеметсіздер ме, қонақтар! Сіздер неге кешігіп келе жатырсыздар?

**Қонақтар:** Сәлеметсіздер ме, ренжімеңіздер біз Қазақстанның әсем қалаларын аралап келе жатырмыз.

**Тәрбиеші:** Қанеки келеген қонақтардан қай ұлттың өкілдері екен өздерінен сұрап көрейікші.

**Орыс ұлт өкілі:** біз орыс елінен келдік.

**Грузин:** ал біз грузинбіз.

**Қазақ:** ал біз қазақ қызарымыз, сендердің бауырларыңыз.

**Тәрбиеші:** Қане ендеше келген қонақтарды да бүгінгі мерекені бізбен бірге тойлау үшін ортамызға отырғызайық.

**Тәрбиеші:** балалар, мына суретке назар аударайықшы.

### **Суретпен жұмыс.**

**Билингвалды компонент:** Елтаңба-Герб, Отан-Родина, тіл-язык,

**Тәрбиеші:** Бізге келген қонақтар біздің елдің рәміздерімен, қалаларымен танысты енді олармен

бірге Әнұранымызды орындайық!

**«Әнұран» орындалады.**

**Тәрбиеші:** Балалар, бізге келген қонақтар біздің тіл мерекемізді тойлап жатқанымызды білу үшін

оларға әдемі жыр шумақтарымызды айтып береміз бе?

**Аңсат:**

Тілім барда мақтанам

Тілім менің аппақ ән

Бірлігімді бүгінгі

Ана тілім сақтаған

**Асан:**

Ана тілім-менің

Әлдилеген әнім

Ана тілім-демім

Ана тілім-жаным.

**Тәрбиеші:** Міне керемет, ендеше бізде қалыспай өзіміздің ұлттық ойынымыз «Қыз қуу» ойынын ойнайық.

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар, сендерге ойын ұнады ма?

Құрметті қонақтар, сіздерді тағыда тіл мерекесімен құттықтай отырып ертеңгілігімізді

«Дос болайық бәріміз» әнімен қорытындылаймыз!

**Сау саламатта болыңыздар!**

Қазақтың ежелден келе жатқан бұйымы тұмарды ілдік . Тұмарды қазақтылсым күштерден, тіл - көзден сақтайды деп сенген. Балалар кірген бойда тұмарды көріп, оның қасиетін түсінеді.

Балабақшамызда асық үйірмесі, киіз басу үйірмесі, қыш құмыра үйірмесі үздіксіз жұмыс жасайды.

Киіз басу үйірмесі балаларға қатты ұнайды. Балалар киіз басудың ата бабаларымыздан келе жатқан мұра екенін біледі. Жүнді тұту арқылы балалардың саусақ моторикасы дамиды. Көбікке шылап жүнді илегенде балалардың саусақтары арқылы ми талшықтарын дамытады.

Қыш құмыра жасау үйірмесі балаларға қатты ұнайды. Баланың миының дамуы тікелей саусаққа байланысты болғандықтан, қолмен балшық илеп, құмыра жасайды.

Асық үйірмесі жұмыс жасайды. Балалар асықтың атуларын біледі. Асық ойындарының түрлерін біледі. Асықпен ойнау арқылы балалардың ойлау қабілетін дамытып , зейіні шоғырланады.

**Зерде тобы** :Дамытушы орталық бойынша жұмыс жасайды.

Тақырыбы: «Өскенде Мен кім боламын?» тақырыбында дамытушы орталықпен ойын арқылы көрстедію

**Шаңырақ тобы**: «Бір шаңырақ астында» деген мағына балалар шаңырақ астында жұмыс жасайды. Киіз үй ішінде отырып киіз үй жасайды.

**Оюхан тобы**: Балалар қойды қырқып жүнді алады, жүнді сабайды. Текемет жасайды, текеметке ою , әріптер салады. Балалар жасау , көру арқылы текеметті қалай жасайтынын түсінеді, біледі, көреді.

**«Нұрай» жеке балабақшасы**



**«Тіл біздің байлығымыз» 05.09.2024ж Тәрбиеші:ШекееваД.**



**«Нурай» жеке балабақшасы**

**БЕКІТЕМІН:**

**ТЕКСЕРІЛДІ:**

**БАЛАБАҚША МЕНҒЕРУШІСІ:**

**БАЛАБАҚША ӘДІСКЕРІ:**



*Л. Бакешова*

**Л.БАКЕШОВА.**

*А. Айғабыл*

**А.АЙҒАБЫЛ**

**ТАҚЫРЫБЫ:**

**25 Қазан - Республика күні  
(Қазақстан – туған елім, ұлы өлкем)**



**«Оюхан» МАД тобы**

**Тәрбиеші: Шекеева Динара**

**2024-2025жыл**

Ашық сабақ мақсаты:

1. Балалардың отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту.
2. Балаларды Отанды сүйге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін аттыру.
3. Балаларды достыққа, адамгершілікке, саналылыққа тәрбиелеу.

Ашық сабақ әдісі: сұрақ- жауап, әңгімелеу.

Ашық сабақ барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлеметсіздерме балалар!

Күз: сәлеметсіздерме балалар!

Бүгін сіздерде ашық тәрбие сағаты бонын жатыр екен. Дендерің сау, дастархандарың мол болсын!

Мен өзім ғана келген жоқпын, өзіммен бірге айларымды ерте келдім.

Тәрбиеші: Бізге қонаққа күздің қыркүйек, қазан, қараша айлары келіпті. Осы айлар ішінен қазан айына сөз берсек.

Менің атым- қазан. Күзгі жиын-терінің соңғы айымын, еңбеккер елді той- думанға кеңелтемін.

Балалар қазан айында қандай мереке күндер барын білесіңдер?

Балалар: - Ұстаздар күні,

-Қарттар күні,

- Республика күні.

Тәрбиеші: Олай болса балалар! 25-қазан Республика күніне арналған «Қазақстан – туған елім, ұлы өлкем» атты ашық тәрбие сағатымызды бастаймыз.

Хор: Әнұран.

Тәрбиеші: Балалар арайлаған таңды сүйетін кім?

-Мен

Алтын сәулені сүйетін кім?

-Мен

Жарын даланы сүйетін кім?

-Мен

Ата-ананы сүйетін кім?

-Мен

Досын сүйетін кім?

-Мен

Болашағы елімізін кім?

-Мен

Кәне балалар Отан деген не?

Адамның туып өскен жері, туған-туысқандары, біз тұратын атамекен.

Балалар біздің отанымыз қалай аталады?

-Біздің отанымыз Қазақстан.

Еліміздің бас қаласы қалай аталады?

-Біздің бас қаламыз Астана

Біздің Президентіміз кім?

Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер?

Ту, Әнұран, Елтаңба.

Балалар біздің елімізде көп ұлт өкілдері тұрады,кәне соларды атап айтайықшы: орыстар, өзбектер, қырғыздар, татарлар, немістер.

Иә балалар дұрыс айтасыңдар әр түрлі көп ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тұрады екенбіз.

Балалар кәнекей әр ұлт өкілдері бір шаңырақ астында қалай тұратынын киіз үй құрып көрсетейік.

Кәне, кәне тұрайық, Сол қолымды көтердім,

Киіз үй біз құрайық. Уықты мен көтердім.

Оң қолымды көтердім, Киіз үйді тұрғыздық,

Уықты мен көтердім Жұмысты біз тындырдық.

Балалар Қазақстан туралы өлеңдер оқып, жақсы мақал-мәтелдер айту, елімізді, жерімізді мадақтау бүгін біздің еншімізде. Ендеше өнерімізді ортаға салайық.

Аңсар: Арыстандай айбаттым,  
Жолбарыстай қайраттым,  
Аспандың байрақтың  
Қанша жұлдыз жайнаттым,  
Қанша бұлбұл сайраттың,  
Қазақстан ардастым.

Ақтоты: Күнді құшқан қос қыран,  
Аясында қалқыған,  
Аспан түсті туым бар,  
Көк теңіздей шалқыған.

Айза: Көк туым көтерілді бағым жанып,  
Елтанбам әлемге танылды анық,  
Шырқадым ән ұранды бар дауыспен,  
Арманым ата заңым қабылданып.

Раяна: Өмірдікі туымда,  
От пен ая, суым да,  
Жаса Қазақстаным,  
Белді бекем буымда.

Ақсұлтан: Отан от басымнан басталады,  
Отан оттан да ыстық.

Хор: Менің Отаным

Зайра: Жаса жана Астанам  
Өркен жас бастаған  
Болашақтың есейгін  
өз қолымен аш маған.

Зейнеп: Бұлт баспасын күнімді  
Тартылмасын өрісің  
Биік ұстау туымды  
Қасиетті борышым.

Айсана: Заман жана зия жана,  
Күлімдейді кең дала,  
Өз Астанам өз ордам,  
Сүйенерім сен ғана.

Ясина: Сәуле шашқан алтын түсті күні бар,  
Екіңдеген қыран құсты үні бар,  
Ою басқан мөп-мөлдір көк аспандай,  
Қазағымның желбіреген туы бар.

Хор: Қазақстан жалауы,  
Аңсар: Қазақтың, мен қазақтың бөлшегімін,  
Қажетіне өзгенің өлшемінін,  
Айбарлы елдің ұлымын, айтаңбалы,  
Кейіпкері емеспін ертегінің.

Румися: Отан деген атамекен  
Отан деген туған жер,  
Отан ана, Отан үлкен  
Қазақстан туған ел.

Ән: Ана-тілім. Еркнат.

Дәурен: Өзге елде сұлтан болғанша,  
Өз елінде ұлтан бол.

Тәрбиеші: Қазақ халқының мұраларының бірі – халық ауыз әдебиеті.  
Ал халық ауыз әдебиетіндегі жол- ол даналар мәйегі. Олай болса балалар қазақтың қандай билерін білесіңдер?  
«Сөз бастаған шешендер» атты көрніс тамашалайық.  
Төле би: Бір бала әкесінен өтіп туады,  
Бір бала әкесіне жетіп туады,  
Бір бала кері кетіп туады.

Қазбек би: Біз мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз.

Әйтеке би: Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін,

Батыр болсаң, жауыңа найзаң тисін.  
Тәрбиеші: Даналық сөздеріңізге рахмет.

Хор: Елтаңбасы елімің.

Балалар енді «Ғажайып қоржын» ойынын ойнайық.

Қоржын ішіне жасырылған сұрақтарға жауап беру.

Балаларды мадақтау.

-Балалар! Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы екен. Отансыз адам болмайды. Отанымыз көркейін,  
гүлдену үшін біз көп еңбектенуіміз керек. Еңбектену дегеніміз білімді, тәртіпті болуымыз.

Енді балалар тәрбиеленіп жатқан бала бақшамыз туралы  
Тақпақ айтып жіберейік.  
Бала бақша өсігін,  
Үшке тола ашқанбыз.  
Балапандай өсіріп  
Мәпелейді бақшамаз.  
Балалар бүгінгі ашық тәрбие сағаты ұнады ма?  
Қорытынды: Байтақ дала жерім менің  
Арта берсін даңқың сенің  
Көк байрағың желбіресін  
Егеменді елім менің – дей отырып,  
Құрметті қонақтар, балалар осымен Республика күніне арналған  
«Қазақстан-туған елім, ұлы өлкем» атты ашық тәрбие сағатымыз аяқталды.

## «Нұрай» жеке балабақшасы



Оюхан МАД тобы «Республика күні» 24.10.2024 жыл



Тәрбиеші: Шекеева Д.

## «Нұрай» жеке балабақшасы



Бекітемін:  
Балабақша менеджерісі:  
Ш. Бакешова

Тексерілді:  
Балабақша әдіскері:  
А. Айғабыл

## «Күзгі ханшайым мен ханзада»

Топ аралық іс-шара

Тәрбиеші: Д.Шекеева

2024-2025 оқу жылы

# Мазмұны: «Күзгі Ханшайым мен Ханзада»

**Мақсаты:** Күз туралы балалардың дүниетанымындарын арттыру, күз мезгілінің қоршаған ортаға әсерін таныту, күз ерекшеліктерін, күз сыйын ұғындыра отырып, балаларға мерекелік көңіл - күй сыйлау. Әр баланың бойындағы қасиеттерін ойлау, әр түрлі жағдайлардан шыға білу, өнерін көрсету, тапқырлық, сахна мәдениетін қалыптастыру, дамыту. Ата салтын ардақтайтын, өз елін сүйер нағыз қазақ қызымен жігітінің қасиеттерін бойына сіңіре білер ұрпақты тәрбиелеу.

## Ұйымдастыру кезеңі

Өзіңсің жер дүниенің гүлдендірер,  
Сап - сары алтындай боп айналамыз  
Алтын күз мерекесі күз айының  
Береке боп орнықтың арамызда.

**Жүргізуші:** Армысыздар, құрметті ата - аналар мен балалар! Ел байлығын арттырған, берекелі күз айы да келді. Күз бізге жемістерімен, көкөністерімен егістіктегі астығымен келеді. Бүгінгі « Күзгі Ханшайым мен Ханзада» атты сайысымызға қош келдіңіздер!

Армысыз асыл халқым ақ жүректі,  
Баласына арналған ақ тілекті  
Сыңға түсер достары арасында,  
Ер намысты ер жүрек ұлдар кепті  
Жас ұлан ғой ертеңі ел мақтаны  
Қырандар ғой тәңірі көк аспаны  
Арта берсін абырой мен атақ даңқы  
Қарсы алайық құрметпен қыздарымызды  
Ұстанған қазағымның ата - салтын  
Жансың лайым бәрінің жұлдыздары - , дей келе Ханзада мен  
Ханшайымдарымызды ортаға шақырайық! Қарсы алыңыздар!(Байқауға қатысушылар кезекпен ортаға шығады)

## Жүргізуші:

Күз келіп хан мен ханшайым  
Өткізді күзгі бал айын  
Ханшайым тапқыр қыз болады  
Ағызар сөйлеп сөз майын  
Ал, ханымыз ақылды  
Барша жұртты шақырды  
Би де билеп ән айтты  
Қуаныштан шалқыды.

**Жүргізуші:** «Жапырақ» нөмер таңдау  
1.жұл Серік Мариям /Дарханұлы Усманхан  
2.жұл Сұлтанхан Асылым /Серік Османхан  
3.жұл Абдулхамид Каусар/ Өтебай Дастан  
4.жұл Сапарбай Шахислам / Мирман Айша  
5. Баймырза Раяна/Бекболат Нурислам  
6.жұлКүзенбай Аңсат/

Айсана

«Ханзада мен Ханшайым» деп жүрейікші  
Әділқазы алқасынан әділдікті

## «Нұрай» жеке балабақшасы



Оюхан МАД тобы «Күзгі ханшайыммен ханзада» 30.10.2024 жыл



Тәрбиеші: Шекеева Динара

**«НҰРАЙ» ЖЕКЕ БАЛАБАҚШАСЫ**

**БЕКІТЕМІН:**

**ТЕКСЕРІЛДІ:**

**БАЛАБАҚША МЕНҒЕРУШІСІ:**

**БАЛАБАҚША ӘДІСКЕРІ:**



Л.БАКЕШОВА.

А.АЙҒАБЫЛ

**А.АЙҒАБЫЛ**

**ТАҚЫРЫБЫ:**

**Аналар мектебінің жұмысы-  
"Қыз еркем анасымен көркем"**



**«Оюхан» МАД тобы**

**Тәрбиеші: Шекеева Динара**

**2024-2025 жыл**

## АНАЛАР МЕКТЕБІНІҢ МАҚСАТЫ:

- Отбасылық құндылықтарды дәріптеу;
- Ұлттық құндылықтарды насихаттау;
- Болашақ ұрпақты тәрбиелеуде аналарға әлеуметтік қолдау көрсету;
- Аналарды белсенді түрде мектеп, қосымша білім беру өміріне қатыстырып, байланысын нығайту.
- Аналарға кез келген шығармашылық-білім бастамаларында қолдау көрсету.

«Аналар мектебі» жалпы патриотизмді, толеранттылықты және этносаралық келісімді, ұрпақтар сабақтастығын, ұлттық дәстүрлер мен отбасылық құндылықтарды нығайту және сақтауға өзіндік үлесін қосып келеді. Қазіргі қоғамда балаларды тәрбиелеудің маңыздылығын ескере отырып, әл-Фараби атындағы оқушылар сарайында кез келген шығармашылық-білім беру ісінде аналарды қолдау мақсатында "Аналар мектебі" жобасы жүзеге асуда. Жоба аясында тақырыптық кездесулер, экскурсиялар, медиа тұлғалармен бірге қызықты, пайдалы шеберлік сағаттары және т. б. іс-шаралар бекітілген. Аналар білімді және дені сау ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған көптеген жобалар мен іс-шараларды ұйымдастырады. Жобада қазіргі таңда 50-ден астам белсенді аналар бар. «Аналар мектебінің» қатарын көбейту мақсатында сарайымыздың белсенді аналарын жобамызға шақыру жұмыстары жүргізілуде.

Жаңа оқу жылының басталуына орай оқушылар сарайының «Аналар мектебінің» ұйымдастыруымен қазақтың салт-дәстүрін насихаттап жүрген «Қазына» ансамблі өнер көрсетіп, балаларды құттықтап, жаңа оқу жылында зейіндері ашылып жетістіктері көп болуларына тілектес болды.

. Аналар «Біртұтас тәрбие» атты дөңгелек үстел басында пікірлерімен алмасты. Сондай-ақ, бөлімінің «Ки модельдеу, пішу және тігу», «Моншак пен тоқу» үйірмелерінің көрсетілім сабақтарын тамашалады.

ҚР Тәуелсіздігі күніне арналған "Ұлы даланың жеті қыры" атты ашық республикалық балалар бейнелеу өнері және сәндік-колөнері көрме-байқауы өткелуіне байланысты, «Аналар мектебінің» мүшелеріде осы байқауды қолдау мақсатында шеберлік сабақтар мен көрмеге қатысты.

Осындай жобалардың аясында сахнада бірге өнер көрсетуі, әртүрлі пікірталас туғызатын дөңгелек үстелдерде, кездесулерде аналар мен балалардың бірге қатысуы отбасылық қарым-қатынасты нығайта түсуде.

**«Нұрай» жеке балабақшасы**



**Оюхан МАДТобы «Аналар мектебі» 07.11.2024 Тәрбиеші: Шекеева Д.**



«Нұрай» жеке балабақшасы

БЕКІТЕМІН:

ТЕКСЕРІЛДІ:

БАЛАБАҚША МЕНГЕРУШІСІ:

БАЛАБАҚША ӘДІСКЕРІ:



Л.БАКЕШОВА.

А.АЙҒАБЫЛ

ТАҚЫРЫБЫ:

«Тәуелсіз елім Қазақстан»



«Оюхан» МАД тобы

Тәрбиеші: Шекеева Динара

2024-2025жыл

## Тақырыбы: «Тәуелсіз елім Қазақстан»

**Мақсаты:** Желтоқсан көтерілісінің сипатын насихаттай отырып, желтоқсан құрбандарын мәңгі есте сақтау; жас ұрпақ бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру.

Қазақ елім, туды жастық дәуірің,

Алғандайсың жұлдыздардың жарығын.

Тәуелсіздік құтты болсын ағайын!

Тәуелсіздік құтты болсын, алыбым!

-Құрметті ата-аналар, қонақтар және балабақша бүлдіршіндері Тәуелсіздік мерекесіне орай өткізіліп отырған «Тәуелсіз елім Қазақстан» атты мерекелік ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Әнұраны елімнің

Шақырады бірлікке.

Егеменді халқымның,

Болашағы бірлікте.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұраны орындаймыз.

**Жүргізуші:** Міне, Тәуелсіздік мерекесі де келіп жетті. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне биыл 27 жыл толады. Баршыңызды сол тарихы тереңде жатқан айтулы мерекесімен құттықтаймыз. Біз ата-бабамыз-дынаңсаған арманы орындалып, қазақ елінің Тәуелсіз Мемлекет атанып, көк туы желбіреген жұлдызды сәтін өз көзімізбен көруге жазылған ұрпақпыз. Қазақстан өз тәуелсіздігін алды. Бұл тәуелсіздік оңай келген жоқ. 1986 жылғы оқиға халықтың есінде мәңгі сақталады, 16-желтоқсанда қазақ жастары Орталық алаңға шығып, Қазақстан тәуелсіздігін талап етті. Бұл күн-Қазақстан тарихында тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні деп алтын әріппен жазылды.

Осы жолда аға-апаларымыз көп күресті. Желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апаларыңды тани білiндер, олар: Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев, Қайрат Рысқұлбеков т.б

Тәуелсіздік оңайлықпен келмеді,

Бізге оны ешкім аяп бермеді.

Тәуелсіздік- Қайрат, Ләззат, Ерболдың

Тас көшеде, тас талқан боп өлгені.

-Осы тәуелсіздікке жетуімізге өз үлесін қосқан батырларымызды мәңгі жүрегімізде сақтаймыз.

**Жүргізуші:** Тәуелсіздік дегенде көңілден жыр-шумақтар ағытылар. Ендеше балалардың тақпақтарын тыңдайық.

**Асан:**

Тәуелсіздік таңы атты,

Барлық әлем жаңарып.

Осы тұрған халқыма

Бейбітшілік орнады.

**Зейнеп:**

Айнымайды аспаннан,

Біздің тудың бояуы,

Оны халық қашанда,

Биікке іліп қояды.

**Мирас:**

Он алтыншы желтоқсан ,

Тәуелсіздік алған күн .

Мерекеге ел тосқан,

Атамменен барған мын.

**Мадияр:**

Тәуелсіздік еліміз,

Мәңгі жасар жеріміз.

Тәуелсіздік жасаған ,

Аға , әпкелеріміз.

**Алина:**

Елтаңбасы елімің,

Неткен әйбат, әдемі!

Тұнығындай көңілдің,

Ортада- аспан әлемі.

**Нурислам:**

Құт, береке – шаңырақ,

Орын алған ол төрден.

Қанатты қос аргымақ,

Екі жақтан көмкерген.

**Айсана:**

Анаң- күнің, жүрегің,

Әкең – өмір тірегің,  
Сен- бақытты ұлансың,  
Бәрі саған қуансын!

**Аяла:**

Көк аспандай көкпеңбек,  
Қазақстан жалауы.  
Көк емес ол тектен-тек,  
Елдің ашық қабағы.

**Ансар:**

Тәуелсіздік жолында,  
Талай – талай тер тамған.  
Билігім өз қолымда,  
Еркіндігім – Елтаңбам.

**Жүргізуші:** 16 - желтоқсан

Тәуелсіздік алған күн

Мерекеді ел қуанып

Шағтанып ән салған күн.

**Ән:** «Отан-Ана» топ балаларының орындауында

**Әже:** Осы кезде қолыңда ұршығы бар әже ортаға шығады. Төрдегі көрпеші үстіне келіп отырып, ұршығын иреді.

**Бала:** қолыңда қамшысы бар бала ойнап жүгіріп келіп, әжесінің жанына отырады.

**Бала:** Әже не істеп отырсыз?

**Әже:** Құлыным ұршық иіріп отырмын. Кел қасыма отыр, күнімен ойнап шаршаған шығарсың.

**Бала:** Әже, Біз балабақшада «Тәуелсіздік» мерекесіне дайындалып жатырмыз. Мемлекеттік әнұранды айттық, такпақтар жаттадық. Бізде «Тәуелсіздік» мерекесіне орай ертеңгілік өтпекші.

**Әже:** Жарайсың, құлыным! «Тәуелсіздік» күніне арнап қанша ән айтсаңда, артық емес.

**Бала:** Әже «Тәуелсіздік» деген не?

**Әже:** -Е-е-е құлыным «Тәуелсіздік» деген бұл үлкен әңгіме. Осы күнге жету үшін қазақ халқы талай қиындықты бастан кешірді. Қайсар, батыр аға-апалардың арқасында егеменді ел болдық.

**Жүргізуші:** «Домбыра» биі орындайтындар: Қуанышбай Айзере, Дайрабай Алина, Тұрымжар Айзере, Нұрмахан Нұрсезім.

**Жүргізуші:** Тарих парақтарына көз жүгіртетін болсақ, еліміздің бірлігін сақтаған Абылай хан ағамызбен үш кемеңгер дүлділім өткен өмірден. Олар қазақта кара қылды қас жарған Қазыбек би, Әйтеке би, Төле билер. Олай болса тарихқа көз жүгіртіп, көрініс тамашалаймыз.

**Көрініс.** Залға Қазыбек, Әйтеке, Төле билер кіріп, орындарына отырады. Осы кезде Абылай хан ортаға шығады.

**Абылай хан:** Уа, халқым, осынау қиын қыстау заманда ел басына жоңғар деген атпен кара бұлт төніп тұр. Осы жағдайда халықты біріктіретін қариялар өздерін. Халқымыздың рухын көтеріп, өзімізді, елімізді, жерімізді қорғайтын заман келді. Қандай ақыл кеңес бересіңдер?

**Қазыбек би:** -Әр руға шабандоздарымызды жіберейік, халыққа хабар айтсын.

**Әйтеке би:** -Жоң, ел ішінен қол жинауымыз керек. Айбарлы батырларымыздың басын біріктіріп қас жауымызға қарсы шығайық.

**Төле би:** -Бұдан былай қазақ Абылайдың туы астында жиналуы керек.

**Билер:** Ия, біз қазақ мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.

**Әже:** -Міне құлыным, біздің ата-бабамыз аңсаған «Тәуелсіздік» біздің елге онай жолмен келген жоқ. Ендеше құлыным сені балабақшана апарайын жүр кеттік.

**Ойын:** «Шанырақ» Ойынды шартына қарай ойнайды.

**Хор:** «Тәуелсіз Қазақстан»

**Жүргізуші:** Отаным Қазақстан – алтын бесік,

Мінекей ұлы жолға түсті келіп.

Ағайын, бар тілерім мен еліме.

Тұғырың мықты болсын Тәуелсіздік!

Осымен «Тәуелсіз ел Қазақстан» атты мерекелік ертеңгілігімізді аяқтаймыз.

Мереке құтты болсын, көріскенше сау болыңдар!

# «Нұрай» жеке балабақшасы



Оюхан МАД «Тәуелсіздік күні» 13.12.2024 жыл тәрбиеші: Шекева Д.



**«Нұрай» жеке балабақшасы**

**БЕКІТЕМІН:**

**ТЕКСЕРІЛДІ:**

**БАЛАБАҚША МЕНҒЕРУШІСІ:**

**БАЛАБАҚША ӘДІСКЕРІ:**

**Л.БАКЕШОВА.**

**А.АЙҒАБЫЛ**

**ТАҚЫРЫБЫ:**

***Төрлет, құтты Жаңа Жыл!***



*Жаңа жыл  
құтты болсын!*

**«Оюхан» МАД тобы**

**Тәрбиеші: Шекеева Динара**

**2024-2025жыл**

**Максаты:** Балаларды қонақжайлылыққа үйрету, мерекелік көңіл-күй сыйлау.

**Кейіпкерлер:** Жүргізуші, Аяз ата, Ақшақар, Тәтті қыз.

**Көрнекіліктер:** Ақ ұлпа қарлар, тәтті кәмпиттер, корзина, сыйлақтар.

*Музыка әуенімен балалар қолдарына жылтыр қарлармен би қимылдарын жасап кіреді, билеп болған соң жарты шеңбер болып, шыршаның қасына барып тұрады.*

**Жүргізуші:**- Балалар, қараңдаршы, біздің бөлмеміз әдемі безендірілген, біз бүгін Жана- жыл мерекесін тойлаймыз. Бізге көптеген қонақтар келіпті, шыршаға әдемі ойыншықтар ілінді.

**Жүргізуші:**-Балақайлар, қараңдаршы шыршамызда қаншама ойыншықтар, тәтті кәмпиттер ілінген. Осы әсем шыршамызға әдемі әнімізді тарту етеміз.

**Ән:** «Қысқы ән»(орындыққа отырғызу)

*Аргы жақтан есік қағылады.*

**Жүргізуші:**- Балалар мерекемізге қонаққа келген сияқты.

*Аяз ата мен Ақшақар кіріп келеді.*

**Аяз- Ата:** Амансыңдар ма, балалар?

Сәлеметсіңдер ме, қонақтар?

Балаларым, балғыным

Өмір гүлім шалғыным.

Тілегенім жыл бойы,

Сендердің денсаулықтарың!

**Ақшақар:**- Балалар, мені таныдыңдар ма? Мен Аяз атаның немересі Ақшақармын!

**Аяз-ата-** Ой, балалар шыршаларың қандай әдемі, керемет!

**Ақшақар:**қандай керемет менің ұлпадай аппақ сіңілілерім келіп қалыпты,сендермен би билегім келіп тұр. Келіңдер ортаға билейік.

**Жүргізуші:**аяз ата сіз ұзақ жолдан шаршаған боларсыз, отырып демалыңыз. Ал, ақшақар біздің аппақ қыздарымызбен би билеп көңіл көтерсін.

**Би:** «Ұлпа қарлар» /*қыздар биден соң қарларды жерге шашып тастайды/*

**Ақшақар:**- Балалар қараңдарша айналамызда қаншама ұлпақарлар шашылып жатыр. Қанекей бәріміз қарларды жинап, шыршаның айналасын безендірейік!

**Ойын:** «Ұлпақарлар жинау»

**Ойынның шарты:** Балалар ұлпа қарларды жинап, шыршаның түбіне қояды.

**Ақшақар:**-Жарайсыңдар балалар,бір сергін қалдық. Ой, қандай керемет шырша!!!

Қаншама жалтыраған ойыншықтары көп. Бірақ шамдары жанбай тұрғой.? Келіңдер балақайлар бірге шамдарын жағайық.

**Ойын:** «Шыршаның шамдарын жағу»

**Ойынның шарты:** Ақшақар балалармен қол сөкқанда шырша шамы жанады. Ал, үрлеген кезде шырша шамы сөнеді. Ойынды үш рет қайталау. /*Ойынның шартын ақшақар түсіндіреді және ойнатады/*

**Жүргізуші:** Қане балалар енді әдемі,әсем шыршамызға әнімізді арнайық.

**Ән хоровод:** «кінкентай шыршамыз»

**Жүргізуші:** Балалардың такпақтарына кезек берейік.

**Такпақтар:** тәрбиеші өзі табады

*Осы кезде Аяз ата ұйықтап шыршаның қасында отырады.*

**Ақшақар:-** Балалар карандаз Аяз ата ұйықтап қалды. Ол алыстан келемін деп әбден шаршаған ғой. Ой, балалар тыныш, тыныш. Қасына барайық, келіндер жақындайық. Қанекей балалар Аяз атаны оятайық.

**Ойын:** «Аяз атаны ояту»

**Ойынның шарты:** Қане балалар қолымызды қатты соғып, аяғымызды топылдатайықшы аяз ата ұйықтап қалыпты. Алақанымызбен қаттырақ соғайық.  
/Ойын 3 рет қайталанады/

**Аяз ата:-***(оянын кетеді)*

**Жүргізуші:-** Келіндер балақайлар! Аяз атаны ортаға алып ән айтайық.

**Ән:** «Аяз ата-ақша қар»

**Аяз- ата:** Тамаша, керемет. Жарайсындар балалар бүгін сондай қуанышты мереке болды.

**Ақшақар:** Аяз-ата сіз ештеңе ұмытып кеткен жоқсыз ба?

**Аяз-ата-** Жоқ мен ештеңе ұмытқаным жоқ. /ойланып/ Балалар ән айтты, балалар мен бірге шыршаның шамын жақтым, тақпақтарын тыңдадым, ойын-ойнадық. Жоқ ештеңе ұмытқаным жоқ.

**Ақшақар-** Балалар айтындаршы Аяз-ата сендерге не беруі керек?

**Балалар-** Сыйлықтар!!!

**Аяз ата:-** Ой, ой, ой кәрі басым-ай, балаларға сыйлықтарын беруді ұмытып кетіппін ғой. Қане қызым Ақшақар алып кел сыйлықты.

**Ақшақар:** Ой Аяз ата мында біреу бар ғой. /артқа қарай шегінеді/

**Жүргізуші:/жақындап/** ой мында тәтті қыз ғой отырған. Келе ғой тәтті қыз, қорықпа мында біз жаңа жыл мерекесін тойлатып жатырмыз сен мында неге отырсың?

**Тәтті қыз:** Біз достарымызбен мерекеге келе жатқанбыз, адасып кетіп осы шыршаның астына тығылдық. Міне менің дос кәмпиттерімде бар.

**Ақшақар:**Ой, тәтті қыз өзің тоңыпта қалыпсың,тәтті кәмпиттерінде тоңып қалған болар, сен мерекеден адаспадың дұрыс тауып келгенсің, мереке осы жерде болып жатыр. Кел біздің балалармен жылынып, көңілді кәмпиттер биін бірге би билеңдер.

**Би:** «Тәтті кәмпиттер» обши

**Аяз ата:** Тәтті қыз қызым, жылынаып, көңілің көтерілдіме?

**Тәтті қыз:** Рахмет, аяз ата ия көңілім көтеріліп, жылынып, мерекеге келгеніме сондай қуанып тұрмын.

**Аяз ата:** міне енді дұрыс болды. Біздің балалар өте зерек, қонақжай. Олай болса, қане Ақшақар қызым, енді шыршаның түбіндегі сыйлықты алып келе қойшы.*Ақшақар шыршаның түбінде жатқан үлкен сыйлықты алып келеді.*

**Ақшақар:-** Қараңдаршы балалар, Аяз ата сендерге қандай керемет сыйлықтар алып келген. Жаңа жыл деген таңғажайыпқа толы мереке ғой! Барлық адамдар бұл мерекені жақсы көреді. *қапшықтың ішін ашады, сыйлықтар шығады.*

**Аяз ата-** Ал,кәне,балалар,

Сендерге сыйлығым бар,

Аталарыңның сыйлығын

Қуанып қабыл алыңдар!

**Жүргізуші:-** Біз өнерлі баламыз,

Ертең-ақ өсіп толамыз.  
Атамыздың сыйлығын,  
Рахмет айтып аламыз.

**Бәрі бірге: РАХМЕТ!**

**Аяз ата-** Ал, балаларым тағыда Жана жыл құтты болсын. Енді біздіңде қайтатын уақытымызда болып қалды. Себебі, өздерің секілді балалар өнерлерін дайындап, сыйлықтарын алуға асығып отырған болар. Келесі жылы кездескенше қош сау болындар!

**Балалар-** сау болыңыздар!

**Жүргізуші-** Би-биледік, жыр-жырладық,

Қызығына тоймадық.

Достарменен ойнадық,

Жана жылды думандатып тойладық! Ал, құрметті қонақтар осымен мерекелік ертеңгілігімізді «Шыршаға бардыю»- әнімізбен аяқтаймыз. Келесі мерекеде кездескенше қош-сау болыңыздар!

**Ән: «Шыршаға бардыю»**

# «Нұрай» жеке балабақшасы



Оюхан МАД, тобы «ҚОШ КЕЛДІН, ЖАҢА ЖЫЛ» 26.12.2024 жыл



Тәрбиеші: Шекеева Динара